

Жұмыс оқу бағдарламасының
титулдық парағы



Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.4/17

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Шетел филология кафедрасы

Шетел елдерінің әдебиеті пәнінен
5В021000 Шетел филология мамандығының студенттеріне арналған

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Павлодар

Кегль 14,
буквы
строчные,
кроме
первой
прописной

Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын
бекіту парағы



Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.4/17

БЕКІТЕМІН

ОІ жөніндегі проректор
_____ Н.Э. Пфейфер

20__ж. «__»_____

Құрастырушы: аға оқытушы _____ Ключина З.В.

Шетел филология кафедрасы

Шетел елдерінің әдебиеті (6-18 ғғ) пәні бойынша
5В021000 Шетел филология мамандығының студенттеріне арналған

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жұмыс бағдарламасы 20__ж. «__»_____ жұмыс оқу жоспарының және 5В021000 Шетел филология мамандығының элективті пәндер каталогының негізінде әзірленді.

Шетел филология кафедрасының отырысында қарастырылды
№_____ хаттама 20__ж. «__»_____.

Кафедра меңгерушісі _____ А. К. Каирбаева 20__ж. «__» _____

Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды
№_____ хаттама 20__ж. «__» _____

Факультет ОӘК төрағасы _____ С. Қ. Ксембаева 20__ж. «__» _____

ОӘБ бастығы _____ Е.Н. Жуманкулова 20__ж. «__» _____
Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды
№_____ хаттама 20__ж. «__» _____

1. Пәннің мақсаты мен міндеттері

1.1 Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Әлемде және Қазақстан республикасында жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси саладағы қайта құру үрдісі болашақ маманды даярлау жүйесінде, соның ішінде кәсіби деңгейі жоғары шетел тілдерінің маманын даярлауда белгілі бір өзгерістердің болуын талап етеді. «Шетел халықтарының әдебиеті:ҮІ-XX ғ.ғ Батыс Европа және Америка елдерінің әдебиеті» курсы болашақ шетел тілдері маманының кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесіне кіреді және басқа курстармен логикалық тұрғыда байланыста болады. Бұл курс міндетті базалық пәндер жүйесіне енеді.

1.2 Пәннің мақсаты:

«Шетел халықтарының әдебиеті:ҮІ-XX ғ.ғ Батыс Европа және Америка елдерінің әдебиеті» курсы жалпы және жеке тіл білімі, үйретілетін шет тілі, оқылатын тіл елдерінің әдебиеті, шетел әдебиеті пәндерімен қатар, гуманитарлық бағыттағы орта білім беру орындағы филология саласы бойынша шет тілі мен шетел әдебиеті пәнінің оқытушысы ретінде немесе ғылыми мекемелерде кіші ғылыми қызметкер-филолог ретінде өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыра алатын маман қалыптастыру.

1.3 Пәннің міндеті:

- студент-филологтарға барынша толық және терең білім беру және қабілетін қалыптастыру
- студент-филологтардың кәсіби білім және біліктіліктерді шетел тілі маманы әрекетінде олардың маңызын ашу арқылы дамыту;
- қазіргі кезеңдегі тілдік білім жүйесінің құрылуын және дамуын ескертетін студенттердің объектілі факторлары туралы ғылыми көзқарасын құрастыру;

1.4 Пәнді игеруде студенттер білуге тиісті:

- қарастырылып отырған тарихи-мәдени дәірлердің пайда болу заңдылықтарын, ішкі эволюциясы мен сабақтастығын, олардың идеялық көркемдік және эстетикалық ерекшелігін;
- шетел әдебиетінің дамуын сол елдердегі әдеби бағыттар, ағымдар мен мектептердің генезисін, эволюциясын, сабақтастығын және алмасуын түсіну арқылы білу;
- батысевропалық әдебиеттің қалыптасуы мен дамуындағы антикалық әдебиеттің ролін;
- Ортағасыр мен Ренесанс дәуіріндегі әдебиет дамуының ерекшелігін;

- ХҮІІғ. Классицизм мен барокконың эстетикалық ұстанымдарын;
- ХҮІІІғ. Сентиментализм. Рококо. Ағартушылық реализмнің эстетикалық ұстанымдарын;
- ХІХғ. Романтизм. Классикалық романтизм. Декаданс және авангардизмнің эстетикалық ұстанымдарын;
- ХХғ. «жаңа реализм», модернизм, постмодернизмнің эстетикалық ұстанымдарын;
- антикалық және батыс европалық көрнекті жазушылардың шығармашылығы мен әдеби бағыт, ағым, өз дәуіріндегі мектептердің біріне қатысты олардың көркемдік эволюциясын, сонымен бірге, әрқайсысының көркемдік әдісінің өзіндік ерекшелігін және стилін білу;
- адамзаттың көркем тарихының дамуындағы биік белеске айналған және алтын қорға енген әдеби шығармаларды білу;
- қарастырылып отырған құбылыстардың қазіргі дәуірдегі зерттелу жағдайымен таныс болу.

1.5 Пәнді игеруде студенттер істей білуге тиіс:

- анықтамалық әдебиеттермен, сыни зерттеулермен, әдебиеттанулық еңбектермен жұмыс істей білу тиіс;
- әдебиеттанулық терминологияны еркін меңгеру және дұрыс пайдалана білуге тиіс;
- көркем шығарманың поэтикасына өз бетінше талдай білуге, оның қай тарихи-мәдени дәуірге, қандай бағытқа, ағымға, мектепке жататынын ажырата білуге тиіс;
- берілеген дәуірдегі әдеби құбылыстарды олардың жалпыадамзаттық құндылықтарын өзінше түсіндіре білуге тиіс;
- олардың эстетикалық, адвмгершілік, тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтай білуге тиіс;
- әдеби шығармаларды, әдебиет теориясы мен тарихын білу негізінде өз көзқарасын қорғай ала білуге тиіс;
- зерттелетін құбылыстарды шетел тілі мен әдебиеті оқытушысының кәсіби ұстанымдары тұрғысынан түсіндіре ала білуге тиіс.

2 Пререквизиттер:

«Шетел халықтарының әдебиеті:ҮІ-ХХ ғ.ғ Батыс Европа және Америка елдерінің әдебиеті» курсы ең алдымен, басқа оқу пәндермен тығыз байланыста оқытқанда ғана толығына түседі. Бұл пәнді басқа пәндермен: Классикалық филология, Әдебиеттану, Елтану, Үйден оқу, Мәтін лингвистикасының

негіздері, Академиялық мақсаттағы шет тілі, Философия, Оқытылатын тіл елінің әдебиеті, Әдебиет теориясы, Стилистика, Лингвистика, Мәтін лингвистикасы тығыз байланыстыра оқытқан жөн.

3 ПӘН МАЗМҰНЫ

Тематический план
дисциплины



Форма
Ф СО ПГУ 7.18.2/07

3.1 ПӘНДІК ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР				
Күндізгі ЖОБ				
№	Тақырыптың аталуы	Сағат саны		
		Дәріс	Тәж.	СӨЖ жосөж
1	2	3	4	5
5 семестр				
1161	Орта ғасыр әдебиеті	1	1	6
3	Ерте ортағасырлық әдебиет	1	1	6
4	Кейінгі ортағасыр әдебиеті	1	1	6
5	Қайта өрлеу дәуірінің әдебиеті	1	1	6
6	Италия әдебиеті	1	1	6
7	Неміс әдебиеті ХҮ-ХҮІ ғғ.	1	1	6

8	Француз әдебиеті ХҮ-ХҮІ ғғ	1	1	6
9	Испан және Ағылшын әдебиеті ХҮ-ХҮІ ғғ	1	1	6
10	ХҮІІ ғасыр әдебиеті	1	1	6
11	Ағылшын, Француз, Испан әдебиеті ХҮІІ ғасыр	1	1	6
12	Неміс, Италия әдебиеті ХҮІІ ғасыр	1	1	6
13	ХҮІІІ ғасыр әдебиеті	1	1	6
14	Ағылшын, Француз әдебиеті ХҮІІІ ғасыр	1	1	6
15	Италия, Неміс әдебиеті ХҮІІІ ғасыр	1	1	6
	Барлығы 5 семестрда	15	15	90
бсе- ме- стр				
151				
2ХІХ ғ бірін- ші жарты- сынд ағы әдеб иет (1794 - 1850) 1 1850-70 жылд ардағ ы АҚШ әдебие ті	1	1	5	
3	1850-1870 ж. Ұлыбритания әдебиеті	1	1	5

4	1850-1870 ж. Франция әдебиеті	1	1	5
5	1850-1870 ж. Жаңаромантизм	0,5	0,5	5
6	XIX –XX ғғ.(1870-1918) аралығындағы Француз, Германия, Ұлыбритания әдебиеті	1	1	5
7	XIX –XX ғғ.(1870-1918) аралығындағы Испания, Италия, Скандинавия әдебиеті	1	1	5
8	XX ғғ.әдебиеті.1910-1920 жылдардағы әдебиеті	0,5	0,5	5
9	XX ғғ.әдебиеті.1950-1990 жылдардағы әдебиеті	0,5	0,5	5
	Барлығы 6 семестрда	7,5	7,5	45

Курстың теориялық мазмұны аудиториялық мазмұнға сәйкес келеді

Курстың аудиториялық мазмұны

3.2 Курстың дәріс мазмұны

5 семестр

Тақырып №1. Орта ғасыр әдебиеті

«Ортағасыр», «ортағасырлық мәдениет», «ортағасырлық әдебиет» ұғымдары. Ортағасырлық әдебиет тарихын кезеңдерге бөлу. Ортағасырлық Европадағы христиан мен католик шіркеуі. «Қос шындық» теориясы және оның мәні. Ортағасырдың кеңістік пен уақыт туралы өзіндік түсініктері. Антикалық мәдени мұраның ролі. Ортағасырлық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуындағы халық шығармашылығының маңызы.

Тақырып №2. Ерте ортағасырлық әдебиет.

Латын тіліндегі клерикалдық (жазба) әдебиет. «Каролингтік қайта өрлеу» латын тіліндегі клерикалдық (жазба) әдебиеттің гүлдену дәуірі. Ерте орта ғасырлық халық ауыз поэтикалық шығармашылығы. Мифологиялық эпос. Кельттік эпос. Скандинав эпосы және лирикалық поэзиясы.

Тақырып №3. Дамыған ортағасырдағы әдебиет.

Дамыған ортағасыр әдебиетінің құрамы. Батырлық эпостың куртуаздық. Клерикалдық, қалалық әдебиеттің симбиозы.

Дамыған ортағасырдағы батырлық эпос. Ортағасырлық рыцарлық әдебиет. Клерикалдық әдебиет. Ортағасырлық қалалық әдебиет.

Тақырып №4. Кейінгі ортағасыр әдебиеті.

Джефри Чосер. «Кентерберийлік әңгімелердің» поэтикасы. Ленглендтің «Петр Пахар туралы» поэмасы. «Робин Гуд және Вильгельм Телль туралы халық балладалары. Франсуа Вийон шығармашылығы.

Тақырып №5. Қайта өрлеу дәуірінің әдебиеті

Қайта өрлеу дәуірінің хоногиялық шекарасы мен орны. Қайта өрлеу мәдениетінің көп құрамдылығы мен қайшылықтылығы. Оның ерте және ортағасырлақ мәдеиетпен байланысы. Ренессанстық гуманизм. Гуманизм мен ортағасырлық мәдени дәстүр. Реформация туралы түсінік. Схоластика тоқырауына жауап ретінде мистикалық ілімнің дамуы.

Тақырып №6 Италия әдебиеті.

Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі кезең - Италия қайта өрлеу кезеңінің өзіндік ерекше феномені. Данте өмірі мен шығармашылығы. Дантенің «Божественная комедиясы». Ф.Петрарканың өмірі мен шығармашылығы. Джованни Боккаччоның өмірі мен шығармашылығы

Тақырып №7. Неміс әдебиеті ХҮ-ХҮІ ғғ

Осы кездегі Германиядағы тарихи-әлеуметтік жағдай. Солтүстік гуманизмнің өзіндік еекшелігі. Рейхлиннің діни-этикалық көзқарастары мен қызметі. У.Фон Гуттеннің «Диалогтары» антиклерикалдық памфлет ретінде. Германиядағы реформация.Лютердің өмірі мен қызметі. ХҮІ ғасырдың бірінші жартысындағы халықтық көпшілік әдебиет. Бюргерлік әдебиет. Солтүстік қайта өрлеу және Эразм Роттердамский қызметі.

Тақырып №8. Француз әдебиеті ХҮ-ХҮІ ғғ.

Осы кездегі Франциядағы тарихи-әлеуметтік жағдай және ренессанстық-гуманистік қозғалыстың пайда болуының алғы шарттары. Бюде мен Лефевр д'Этапль қызметі. Клавин ілімі. ХҮІ ғасырдың бірінші жартысындағы поэзияның дамуы. Маро шығармашылығындағы ортағасырлық дәстүр. Маргарита Наварская поэзиясындағы гуманистік неоплатонизм. Рабленің өмірі мен шығармашылығы. ХҮІ ғасырдың екінші жартысындағы ренессанстық-гуманистік поэзияның даму. Ронсар шығармашылығы.

Тақырып №9. Испан және Ағылшын әдебиеті ХҮ-ХҮІ ғғ.

Осы кездегі Испаниядағы саяси-әлеуметтік дамуының ерекшелігі. Сервантес өмірі мен шығармашылығы. Испандық драманың дамуы. Лопе де Веганың өмірі мен шығармашылығы.

Осы кездегі Англиядағы тарихи-әлеуметтік жағдай және католицизм мен Реформация. Гуманистік қозғалыстың пайда болуы. Марлоның өмірі мен шығармашылығы. Шекспир шығармашылығы.

Тақырып №10. ХҮІІ ғасыр әдебиеті.

ХҮІІ ғасыр мәдени және тарихи дәуір ретінде. Классицизм мен барокко.Классицизмнің эстетикалық жүйесінің негізгі жағдайлары және өзіндік ерекшеліктері. Барокконың ерекшелігі, оның стилистикасы. Қазіргі ғылымдағы барокко концепциясы

Тақырып №11. Ағылшын, Француз, Испан әдебиеті ХҮІІ ғасыр.

Френсис Бэкон және оның ХҮІІ ғасырдағы ағылшын әдебиетіндегі алатын орны. Шекспирлік дәстүрдің маңызы. Бен Джонсон шығармашылығы.Ағылшын революциясының жалпыевропалық маңызы. Мильтон шығармашылығы.Драйден шығармашылығы. Бэньян шығармашылығы. ХҮІІ ғасыр француз әдебиетінің дамуының жалпы сипаттамасы. ХҮІІ ғасырдың басындағы барокко. Наздылық-батырлық романдар.д'Юрфенің «Астреясы», Сент-Аман лирикасы. Арди драматургиясы.Вуатюр поэзиясы. Мадлен де Скюдери романдары. Классицизм.Малерб пен Матюрен Ренье шығармашылығы. Корнель шығармашылығы. Расин мен Мольер шығармашылығы. Лафонтен мен Буало, Ларошфуконың және Лафейттің шығармашылығы. Испан әдебиетінің дамуының өзіндік ерекшелігі. Барокко мен Кальдерон даматургиясы.

Тақырып №12. Неміс, Италия әдебиеті ХҮІІ ғасыр.

Неміс әдебиеті мен Отызжылдық соғыс. Опиц пен оның мектебінің ақындары. Неміс әдебиетіндегі барокко мәселесі. Грифиустың мартирологиялық трагедиялары. Неміс роман жанрының дамуы. Гриммельсгаузен шығармашылығы. Мариноокко поэзиясының негізін салушы және көрнекті өкілі. Маринизм.

Тақырып №13. ХҮІІІ ғасыр әдебиеті.

ХҮІІІ ғасыр және оның қазіргі дәуірәдебиеттану ғылымында бағалануы. ХҮІІ ғасырдағы картезиандық «абсолюттік сана» мен ХҮІІІ ғасыр пәлсапасындағы «адам ақылының» арақатнасы. Сентиментализм, рококо, предромантизмнің жалпы сипаты. Қазіргі әдебиеттанудағы ағартушылық реализм.

Тақырып №14. Ағылшын, Француз әдебиеті ХҮІІІ ғасыр.

ХҮІІІ ғасырдағы ағылшын классицизмнің жалпы сипаттамасы. Поуп шығармашылығының маңызы. Ерте классицизм өкілдері Аддисон мен Стил. Свифт шығармашылығы.Дефо

шығармашылығы. Филдинг пен Гольдемит шығармашылығы. Ағылшын сентиментализмі. Стерн мен Макферсон. Предромантизм. Уолпол мен Льюис, Рэдклиф, Блейк және Берне шығармашылығы. ХVIII ғасырдағы француз классицизмі. Реньяр комедиялары. Лесаж драматургиясы. Прево, Монтескье, Вольтер шығармашылығы. Дидро және энциклопедистер. Руссо сентиментализмы және Бомаршенің эстетикалық көзқарасы.

Тақырып №15. Италия, Неміс әдебиеті ХVIII ғасыр.

Италян театрындағы мелодрама жанры. Гольдони мен Гоцини. Альфьери трагедиялары. Неміс классицизмі. Винкельманның эстетикалық теориясы. Гердер мен Гете. Шиллер шығармашылығының штюрмерлік кезеңі.

6 семестр

Тақырып №1. ХІХ ғ бірінші жартысындағы әдебиет (1794-1850)

ХІХ ғ ерекше тарихи-мәдени дәуір ретіндегі жалпы сипаттамасы, әдеби өмірі, әдеби процестердің кезеңдері, әдебиет дамуының ерекшеліктері. Романтизм. Англиядағы романтизмнің ерекшеліктері. Байрон ақын әрі драматург. Шелли. Скотт. Франциядағы романтизмнің ерекшеліктері. Шатобриан. Сталь. Гюго. Германиядағы романтизмнің ерекшеліктері. Фридрих Шлегель. Людвиг Тик. Гейдельберктік романтизм. Ағайыеды Гриммдер. Клейст. Гофман. Гейне. АҚШ романтизмнің ерекшеліктері. Ирвинг. Купер. По.

Тақырып №2. 1850-70 жылдардағы АҚШ әдебиеті

Батыс Европа мен АҚШ елдерінің ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы рухани және әдеби өмірінің жалпы сипаттамасы. Американдық трансценденталистер. Эмерсон эстетикасы. Гарриет Бичер-Стоу. Мелвил. Готорн. А.Теннисон. Уитмен.

Тақырып №3. 1850-1870 ж. Ұлыбритания әдебиеті

Ағылшын реалистік романының дамуы. 1850-жылдардың аяғындағы натурализмнің қалыптасуы. Д.Элиот. У.Коллинз. Джон Рескин эстетикасы мен перрафаэлиттері. Росетти. Суинберн.

Тақырып №4. 1850-1870 ж. Франция әдебиеті

«Ақындар» мен «тобыр» арасындағы қайшылықтың жаңа иірімі. Теофиль Готье. Леконт пен Лил. Бодлер. Флобер.

Тақырып №5. 1850-1870 ж. Жаңаромантизм

Германиядағы, Австро-Венгриядағы, Скандинавия елдерінде осы ұғымды пайдалану ерекшеліктері. ХХ ғ басындағы

модернизм. XIX -XX ғасырлар аралығындағы реализмнің ерекшелігі

Тақырып №6 XIX -XX ғғ.(1870-1918) аралығындағы Француз, Германия, Ұлыбритания әдебиеті

Натурализм. Золя. Мопассан. Верлен. Символизм. Рембо. Малларме. Реализм. Франс. Роллан. Ғасырлар шегіндегі ағылшын эстетизмы. Реализм және оның модификациясы. Моррис. Харди. Мередит пен Батлер. Фонтане. Г. Манн. Реализм. Символизм. Георг поэзиясы. Хук шығармашылығы. Экспрессионизм.

Тақырып №7. XIX -XX ғғ.(1870-1918) аралығындағы Испания, Италия, Скандинавия әдебиеті

Унамунонның бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейінгі шығармашылығы. Ғасыр басындағы испания поэзиясы. Мачадо. Хименес. Итлияның бірігуі және итальян әдебиеті. Кардуччи. Верги суреттеуіндегі халық мінезі. Д. Аннунцио. Скандинавия әдебиеті. Ибсен. Стриндберг. Гамсун шығармашылығы.

Тақырып №8. XX ғғ. әдебиеті. 1910-1920 жылдардағы әдебиеті

Футуризм, кубизм, дадаизм, ультраизм. Модернизм және оның эстетикасы. Кафка. Элиотт. Джойст. Фолкнер. О. Нил. Т. Манн. Импрессионизм. Голсуорси. Бернард Шоу. Теодор Драйзер.

Тақырып №9. XX ғғ. әдебиеті. 1950-1990 жылдардағы әдебиеті

Фашизмді жеңудің дүниежүзілік-тарихи маңызы. Антифашистік қозғалыстың француз әдебиетіне ықпалы. АҚШ әдебиетіндегі ұрпақтар мен бағыттардың ауысуы. XX ғ мәдениеттердің диалогы, рухани тәжірибенің көп пікірлігі мен көпөлшемділігі. Эко шығармашылығы.

3.3 Курстың тәжірибелік сабақ мазмұны

5 семестр

Тақырып №1.

Ортағасырлық куртуаздық поэзиясы. «Тристан мен Изольда» романы куртуаздық роман ретінде. «Нибилунгтер туралы хикая» - неміс халқының батырлық эпосы.

Тақырып №2.

Ерте ортағасырлық әдебиет. Ваганттар поэзиясы.

Тақырып №3.

Рабленің «Гаргантюа мен Пантагрюель» романы

Тақырып №4.

Кейінгі ортағасыр әдебиеті. Франсуа Вийон шығармашылығы.

Тақырып №5.

Қайта өрлеу дәуірінің әдебиеті.

Тақырып №6

Италия әдебиеті. Дантенің «Божественная комедиясы».

Тақырып №7.

Неміс әдебиеті ХҮ-ХҮІ ғғ. Бюргерлік әдебиет.

Тақырып №8.

Француз әдебиеті ХҮ-ХҮІ ғғ. Маргарита Наварская поэзиясындағы гуманистік неоплатонизм. Ронсар шығармашылығы.

Тақырып №9.

Испан және Ағылшын әдебиеті ХҮ-ХҮІ ғғ. Испандық драманың дамуы. Шекспир драматургиясы.

Тақырып №10.

ХҮІІ ғасыр әдебиеті. П.Корнельдің «Сид» трагикомедиясы және ХҮІІ ғасырдағы классицистік қаһармандық трагедия мәселелері.

Тақырып №11.

Ағылшын, Француз, Испан әдебиеті ХҮІІ ғасыр. Расин және ХҮІІ ғасырдағы классицистік ғашықтық-психологиялық трагедия мәселелері.

Тақырып №12.

Ж.Б.Мольердің «Тартюф», «Сараң», «Дон Жуан» шығармалары және ХҮІІ ғасырдағы классицистік комедия мәселелері.

Тақырып №13

И.В.Гете «Фауст» - ағартушылық әдебиеттегі поэтика эволюциясының мәселесі

Тақырып №14.

Ағылшын, Француз әдебиеті ХҮІІІ ғасыр. Свифт шығармашылығы. Дефо шығармашылығы.

Тақырып №15.

Италия, Неміс әдебиеті ХҮІІІ ғасыр. Италия театрындағы мелодрама жанры.

6 семестр**Тақырып №1.**

ХІХ ғасыр әдебиеті Батысеуропалық романтизм. Байрон. Гофман. Гюго.

Тақырып №2.

ХІХ ғасыр әдебиеті Батысеуропалық классикалық реализм. Бальзак. Диккенс. Теккерей.

Тақырып №3.

ХІХ ғасыр әдебиеті Батысеуропалық натурализм. Золя. Гауптман.

Тақырып №4.

ХІХ ғасыр әдебиеті Батысеуропалық символизм. Рембо. Рильке. Уальд.

Тақырып №5.

Батысеуропалық модернизм. Кафка.

Тақырып №6

Томас Манн және XX ғасыр. Миф туындатушылық мәселесі.

Тақырып №7.

Батысеуропалық экзистенциализм. Сартр. Камю. Мерток.

Тақырып №8.

XX ғасыр. Батысеуропалық театр. Брехт. О.Нил. Пиранделло.

Тақырып №9.

XX ғасыр. Реализм тағдыры. Голсуорси. Белль. Ажар.

3.4 Студенттің өздік жұмыстарының мазмұны

Пәнді игеру барысында, жұмыс жоспары бойынша аудиториядан тыс орындалатын жұмыстар

Тақырып	Мазмұн	Тапсырма	Әдебиет
1. Ерте ортағасырлық әдебиет	Мифологиялық эпос	Ежелгігермандық эпос үзінділері және олардың ежелгі неміс, скандинав және ағылшын-саксон әдебиетіндегі көрінісі («Беовульф» туралы жыр)	1.Гуляев Н.А. История немецкой литературы. М.: Высш. Шк., 1975 – 526с. 2.Бедье Ж. «Тристан мен Изольда»
2. Ерте ортағасырлық халық ауыз поэтикалық шығармашылығы	Кельттік (ирландық) эпос, оның негізгі циклдары	Ирланд сагаларының көркем негізінің ерекшелігі	Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. М.: Высш. Шк., 2004. – 816с.
3. Скандинав эпосы және лирикалық поэзия	Скандинав халқының мифологиясы мен поэзиясы туралы білімдердің қайнар көзі	«Үлкен Эдда» «Кіші Эдда»	Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. М.: Высш. Шк., 2004. – 816с.
4.Скандинав сагалары	Скандинав сагаларының маңызды циклдары	Скандинав сагаларының скандинав халықтарының тарихындағы, тұрмысындағы, өміріндегі халықтың көркем ойларының ескерткіштері	Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. М.: Высш. Шк., 2004. – 816с.

		ретіндегі маңызы	
5. Дамыған ортағасырдағы әдебиет	Немістің батырлық эпосы және оның ең маңызды ескерткіші	«Нибелунгтар туралы поэма»	Гуляев Н.А. История немецкой литературы. М.: Высш. Шк., 1975 – 526с.
6. Дамыған ортағасырдағы батырлық эпос	Испанияның батырлық эпосының ең ірі ескерткіші	«Сид туралы жыр»	Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. Нем., исп., итал., англ., чеш., польск., болг., серб. Литературы Учеб. пособие для студентов филол. специальностей пед. ин-ов. – М.: Просвещение, 1975. – 399 с.
7. Ортағасырлық рыцарлық (куртуаздық) әдебиет	Рыцарлық тақырыптарға арналған қалалық повестердегі рыцарлық идеологиясыны, бұл повестердегі пародияның белгілері	«Окассен мен Николетт»	Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. Нем., исп., итал., англ., чеш., польск., болг., серб. Литературы Учеб. пособие для студентов филол. специальностей пед. ин-ов. – М.: Просвещение, 1975. – 399 с.
8 Дамыған ортағасырдағы батырлық эпос	Испан халықтық романы	Испан халықтық романының эпоспен генетикалық байланысы	Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. М.: Высш. Шк., 2004. – 816с.
9 Клерикалдық әдебиет	Дидактикалық әдебиет: ғылыми және моральдық дидактика	Ваганттар мен голиардтар поэзиясы	Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. М.: Высш. Шк., 2004. – 816с.
10 Ортағасырлық қалалық әдебиет	Ортағасырлық қалалық әдебиеттің негізгі жанарлары	Штриккердің «Поп Ами» повесі	Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. М.: Высш. Шк., 2004. – 816с.
11 Кейінгі ортағасыр әдебиет	Джефри Чосер. Ленглендт	Робин Гуд және Вильгельм Тель туралы халық балладалары	Самохвалов Н.И. История американской литературы – М.: Просвещение, 1971. – 344 с.
12 Италия әдебиеті	Бокаччоның алғашқы кезеңдегі шығармалары Петрарканың өзіне берген бағасы және	«Мадонна Фьяметта элегиясындағы» риторикалық психологизм мен	Мокульский С.С. Итальянская литература М.: Высш. Шк., 1966 – 250с.

	оның әдебиеттегі көрнісі	автобиографизм «Декамерон»	
13 Неміс әдебиеті	Солтүстік қайта өрлеу және Эразм Роттердамский қызметі	«Әншейін әңгімелесулер»	Гуляев Н.А. История немецкой литературы. М.: Высш. Шк., 1975 – 526с.
14 Француз әдебиеті	Новелла жанырының дамуы. Маргарита Наваррская	«Гептамерон» Рабле Ф. «Гаргантюа мен Пантагрюэль»	Анисимов И. Французская классика со времен Рабле до Ромена Роллана. – М, «Худож. лит.», 1977 – 333с.
15 Испан әдебиеті	Ортағасырлық халықтық дүниетанымның рөлі; сарайлық-ақсүйектік мәдениет	Лопе де Вега «Плащ және найза» «Шөп қорыған ит»	1.Шетел әдебиетінің тарихы 2.Сартр Ж-П. «Шыбындар»
16Ағылшын әдебиеті	Шекспир комедияларындағы карнавалдық-мерекелік стихия мен фарстық жағдайлар	«Он екінші түн» «Венециандық көпес»	1.Шетел әдебиетінің тарихы 2.Мердок А. «Жабайы раушан гүлі»
17 ХҮІІ ғасыр ағылшын әдебиеті	Бен Джонсон шығармашылығы Бэньян	«Қажының ел кезуі»	1.Шетел әдебиетінің тарихы 2.Ажар Э. «Өмір әлі алда»
18 ХҮІІ ғасыр француз әдебиеті	Наздылық-батырлық романдар	Д'Юрфеннің «Астрейсы» Сент-Аман лирикасы Арди драматургиясы	Анисимов И. Французская классика со времен Рабле до Ромена Роллана. – М, «Худож. лит.», 1977 – 333с.
19 ХҮІІ ғасыр испан әдебиеті	Барокко және Кальдерон драматургиясы	«Қайтпас қайсар ханзада», «Өмір деген түс»	1.Шетел әдебиетінің тарихы 2.Белль Т. «Он жарымдағы бильярд»
20 ХҮІІ ғасыр неміс әдебиеті	ХҮІІ ғ.неміс әдебиетіндегі барокко мәселесі	Гриммельсгаузен «Симплициус Симплициссимус»	Гуляев Н.А. История немецкой литературы. М.: Высш. Шк., 1975 – 526с.
21 ХҮІІІғасыр ағылшын әдебиеті	Дефонның журналистика саласынан көркем шығармашылыққа дейінгі жолы	«Робинзон Крузо»	1.Шетел әдебиетінің тарихы 2.Маркес Г.Г. «Жүз жылдық жалғыздық»
22 ХҮІІІ ғасырдың басындағы француз классицизмі	Реньяр және оның комедиялары		Анисимов И. Французская классика со времен Рабле до Ромена Роллана. – М, «Худож. лит.», 1977 – 333с.
23 ХҮІІІғасыр италия	Италия театрындағы мелодрама жанры	Альфьери трагедиялары	Мокульский С.С. Итальянская литература М.:

әдебиеті			Высш. Шк., 1966 – 250с.
24 ХҮІІІғасыр неміс әдебиеті	Неміс тілін дамытудағы Лессинг шығармаларының мәні	«Рейн тобы» «Жас Вертердің азабы»	Гуляев Н.А. История немецкой литературы. М.: Высш. Шк., 1975 – 526с.
25 ХІХ ғасыр ағылшын әдебиеті	Байрон ақын әрі драматург Скотт поэмалары мен балладаларының алатын орны	Байрон мен Шелли	Шетел әдебиетінің тарихы
26 ХІХ ғасыр франция әдебиеті	Гюгоның ерте кездегі лирикалары	«Париждік құдайанасы ғибадатханасы»	Анисимов И. Французская классика со времен Рабле до Ромена Роллана. – М, «Худож. лит.», 1977 – 333с.
27 ХІХ ғасыр америка әдебиеті	Купердің романтикалық әдісінің өзгешелігі	Былғары гулка туралы романдар циклы	Самохвалов Н.И. История американской литературы – М.:Просвещение, 1971. – 344 с.
28 1820-1850 жылдардағы ағылшын әдебиетіндегі реализм	Диккенстің алғашқы кезеңдегі шығармалары		Самохвалов Н.И. История американской литературы – М.:Просвещение, 1971. – 344 с.
29 Американдық сентиментал дық роман	Г.Бичер-Стоу	«Том ағайдың лашығы»	Самохвалов Н.И. История американской литературы – М.:Просвещение, 1971. – 344 с.
30 1850-70 жылдардағы ағылшын әдебиеті	У.Коллинз	«Ақ киінген әйел»	Самохвалов Н.И. История американской литературы – М.:Просвещение, 1971. – 344 с.
31 ХХ ғасыр әдебиеті	Бернард Шоу Теодор Драйзер Э.Хемингуей	«Фиеста» «Қош бол, қару»	Самохвалов Н.И. История американской литературы – М.:Просвещение, 1971. – 344с.
32 ХХ ғ мәдениеттер дің диалогы, рухани тәжірибенің көппікірлігі мен көпөлшемділі гі.	У.Эхо шығармашылығы.	«Есімі Роза» «Фуко маятнігі»	Андреев А.В.Карельский, Н.С.Павлов и др. Зарубежная литература XX века. М.: Высш. Шк., 2004 – 558с.

3.5 Студенттің өздік жұмыстарының мазмұны

№	Өздік жұмыс түрі	Есеп беру формасы	Бақылау формасы	Берілет ін сағат
---	------------------	----------------------	--------------------	------------------------

1	2	3	4	5
1	Дәріске дайындық		дәптер тексеру, тест	8
2	Тәжірибелік сабақтарға дайындық	үй жұмысы	бақылау	15
3	Бақылау жұмыстарына дайындық	тест	РБ1, РБ 2	2
4	Шығармаларды оқу			35
5	Курстық жұмыс			30
Барлығы				90

3.6 Курстық жұмыстардың тақырыптары

- 1 «Роланд туралы жыр» композициясының ерекшелігі
- 2 Трубадурлар поэзиясындағы махаббат тақырыбы
- 3 Ортағасырлық «византиялық романдардың» көркемдік ерекшелігі
- 4 Пьер де Ронсардың махаббат лирикасы
- 5 «Саңлақтар» және оның француздың прециоздық поэзиясындағы маңызы: Вуатюр, Бернард
- 6 П.Корнельдің «екінші мәнерлі» («Родогун») драматургиясының идеялық-көркемдік ерекшелігі
- 7 «Көл мектебінің» ақындары және олардың романтикалық поэзиясының дамуындағы ролі
- 8 Гердер және оның әлем мектебіндегі ролі
- 9 Ағылшынның «готикалық романы» (Мэтьюрен, А.Родклиф)
- 10 Ағылшынның «реставрация комедиясы» (Шеридан, Конгрив)
- 11 Трубадурлар поэзиясының махаббат тақырыбы
- 12 Апалы- сіңілі Бронтелер шығармашылығы
- 13 А.Конан – Дойл шығармашылығындағы детектив жанры
- 14 Ф.Купер шығармашылығындағы «шекара» мәселесі
- 15 Гете лирикасы және неміс поэзиясындағы махаббат идеалы
- 16 Волтер мен Шиллер шығармаларындағы Жанна д'Арк образы
- 17 Петраркизм жаңа поэтикалық дәстүр
- 18 П.Клодель драматургиясы және даосизм
- 19 Э.Поның фантастикалық новеллаларының тақырыбы мен поэтикасы
- 20 Вольтер трагедиялары (XVIII ғасыр. Классицизм мәселесі)
- 21 Д.Дефонның «Робинзон Крузо» романындағы ағартушылық идеал
- 22 Д.Свифттың «Гуливердің саяхаты» романының үшінші кітабы және XVIII ғасыр ағылшын сатирасы мәселесі
- 23 Шиллер лирикасы
- 24 П.Валери шығармашылығы, эстетика мәселесі

- 25 ХҮІІІ ғасырда бастау алған ағылшын театры (жанрлар, сценалық ойындар әдістері, театралдық техникасы)
 26 Р.Кено эксперименттері (поэзия мен проза)
 27 Р.М.Рилке поэзиясындағы символизм («Друндиндік элегиялар» жинағында)
 28 Гюнтер Грасс прозасының әлемі

Выписка из рабочего учебного плана специальности



Форма
 Ф СО ПГУ 7.18.1/10

4 "5B021000 Шетел филологиясы" мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған жұмыс оқу жоспарынан көшірме Шетел елдерінің әдебиеті пәні

№ Оқу түрі	Бақылау түрі						Сағат бойынша студенттердің жұмыс көлемі			Сағаттарды семестрлерге және курстарға бөлу (сағат)					
	экз.	сын.	кп.	кр.	РГР	Барлығы			лек	тәж	сөж, тосөж	лек	тәж	лаб	сөж, тосөж
						Б.ж	жа	са							
Орта жалпы білім негізіндегі күндізгі оқу	5, 6		5			180	45	135	5 семестр			6 семестр			
									7	15	15	90	7,5	7,5	45

«Шетел халықтарының әдебиеті: YI-XX ғ.ғ Батыс Европа және Америка елдерінің әдебиеті» пәні бойынша қолданылатын әдебиет

Негізгі әдебиет:

- 1 Артамонов С.Д. История зарубежной литературы ХУІІ-ХУІІІ веков. – М.:Просвещение, 1973. – 800 с.
- 2 Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. Нем.,исп.,итал., англ.,чеш.,польск., болгар.,серб. Литературы Учеб.пособие для студентов филол.специальностей пед.ин-ов. – М.:Просвещение, 1975. – 399 с.
- 3 Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. М.: Высш. Шк., 2004. – 816с.
- 4 Тураева С.В. Зарубежная литература. – М.:Просвещение, 1984. – 320 с
- 5 Шетел әдебиетінің тарихы. Орта ғасырлар. Қайта өрлеу дәуірі

Қосымша әдебиет:

- 6 Анисимов И. Французская классика со времен Рабле до Романа Роллана. – М, «Худож. лит.», 1977 – 333с.
- 7 Ботвинник М.Н. Жизнеописания знаменитых греков и римлян. – М.:Просвещение, 1988 – 207с.
- 8 Гуляев Н.А. Теория литературы. М.: Высш. Шк., 1977 – 278с.
- 9 Гуляев Н.А. История немецкой литературы. М.: Высш. Шк., 1975 – 526с.
- 10 Лосев А.Ф. Античная литература. – М.:Просвещение, 1973. – 439с.
- 11 Мокульский С.С. Итальянская литература М.: Высш. Шк., 1966 – 250с.
- 12 Самохвалов Н.И. История американской литературы – М.:Просвещение, 1971. – 344 с.
- 13 Скороденко В.А. Зарубежная литература. . – М.:Просвещение, 1980. – 575с.